



№25 (9912)  
28 наурыз  
сейсенбі  
2023 жыл  
Газет  
1934 жылғы  
10 қаңтардан  
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш

## Жаршысы



Ел жаңалықтары

### 69 мыңнан астам шетелдік көлік заңдастырылды

ҚАЗАҚСТАНДА 2022 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚЫРКҮЙЕГІНЕ ДЕЙІН ӘКЕЛІНГЕН ШЕТЕЛДІК АВТОКӨЛІКТЕР ЗАҢДАСТЫРЫЛЫП ЖАТЫР. БИЫЛ 23 ҚАҢТАР МЕН 26 НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА 69 МЫҢНАН АСТАМ КӨЛІК ҚҰРАЛЫ ЗАҢДАСТЫРЫЛҒАН. ОНЫҢ ІШІНДЕ 67 ПАЙЫЗЫ (46 592) РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНАН, 19 ПАЙЫЗЫ (13 424) АРМЕНИЯДАН, ШАМАМЕН 10 ПАЙЫЗЫ (6 788) ҚЫРҒЫЗСТАННАН, ШАМАМЕН 2 ПАЙЫЗЫ (1 296) ГРУЗИЯДАН ӘКЕЛІНГЕН.



Айта кетейік, қазір Ішкі істер министрлігі қосалқы бөлшектер ретінде әкелінген автокөліктерді заңдастыру шарттарын айқындайтын Үкімет қаулысының жобасын әзірледі. – Аталған жоба жария талқылаудан өтті, қазір біз оларды қорытындылап болғаннан кейін мемлекеттік органдарға түпкілікті келісуге жібереміз. Одан кейін үкіметке енгіземіз. Өтініштер барлық Халыққа қызмет көрсету орталықтарында және электрон сервис арқылы қабылданады. Сонымен қатар азаматтарға арналған электрондық үкімет порталында және екіші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында қолжетімді. – деді Ішкі істер министрлігіне қарасты Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаев.

### Синоптиктер фермерлерге үндеу жасады

«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК МАМАНДАРЫ КӨКТЕМГІ ЕГІС АЛДЫНДА ТОПЫРАҚТАҒЫ ҰЛҒАЛ ҚОРЫНЫҢ БОЛЖАМЫН ШЫҒАРДЫ. СИНОПТИКТЕРДІҢ АЙТУЫНША, ЖАЛПЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙ ЕЛДІҢ СОЛТҮСТІК ІШІНДЕГІ АСТЫҚ ЕГЕТІН ӨҢІРЛЕР ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ БОЛАДЫ, АЛАЙДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫСЫНДА, ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС БӨЛІКТЕРІНДЕ СӨУІР АЙЫНДА ЖАУЫН-ШАШЫН ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛУЫ МҮМКІН, БҰЛ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ӨСУІ МЕН ДАМУЫНА ТЕРІС ӘСЕР ЕТУІ ҮҚТИМАЛ.



Алдын ала болжам бойынша көктемгі егіс жұмыстарының алдында Қазақстан аумағындағы егістіктердің ұлғалмен қамтамасыз етілуі күтілуде. Оңтайлы деңгейден қанағаттанарлық деңгейге дейін Абай, Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарында, қанағаттанарлық Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында, оңтайлы Жетісу және Түркістан облыстарында.

– Көктемгі егіс жұмыстары кезіндегі ылғал қоры туралы мәліметтер егіс алқаптарының құрылымын анықтауда, дақылдарды себудің оңтайлы нормаларын анықтауда, тұқымдарды отырғызу тереңдігін таңдауда және тыңайтқыштарды енгізуде маңызды рөл атқарады, бұл соңында жалпы өнімнің сапасы мен шығымдылығына әсер етеді және өндірілген өнімнің өзіндік құнына әсер етеді, – дейді Қазгидромет мамандары.

Көктемгі егіс жұмыстарының басталуына қарай топырақтағы ылғал қорының нақты болжамы шамамен 25 сәуірде әзірленетіні қоса хабарланды.

«ЖЖ» ақпарат

ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі үйлестіру штабы су тасқыны кезеңіне қатысты ахуалды қарады. Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин алдын алу шараларына қарамастан, өріген және тасқын сулар салдарынан Абай, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Түркістан және Павлодар облыстарында 163 тұрғын үй мен үш ғимаратты су басқанын айтты. Қазіргі уақытта Ақтөбе облысында 13 үй, Атырау облысында бір тұрғын үй су астында қалып отыр.

Су басу салдарын жою үшін 3,5 мыңнан астам адам, 500-ден астам техника, 300 жүзу және 300-ге жуық су бұру құралдары тартылған. Республикалық және облыстық жедел штабтар шұғыл қызметтер мен ұйымдардың қатысуымен су тасқыны бойынша ахуалды бақылайды.

Алдын ала талдауға сәйкес, елді мекендердегі тұрғын үйлерді су басу себептері – өзендердегі су деңгейінің көтерілуі, қорғаныс бөгеттерінің қирауы, азаматтардың жеке учаскелерінен қардың уақытылы шығарылуы және жол астындағы су өткізу құрылыстарының өткізу қабілетінің төмен болуы.

Басқосуда Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев баяндама жасады, ал өңірлерде қабылданып жатқан шаралар туралы Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов, Ақмола облысының әкімі Ермек Маржыпаев және Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров баяндады.

Премьер-Министр су тасқыны проблемасын бекітілген су тасқынына қарсы іс-шараларды және тиісті Жол картасын іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік органдар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл арқылы кешенді түрде шешу қажеттігін атап өтті.

Қазір еліміздің солтүстік өңірлерінде ауа температурасы жоғарылап келеді, бұл қалың қарды ерітіп, жаңа төуекелдердің пайда болуына әкеледі. Осыған байланысты Әлихан Смайылов аса қауіпті учаскелердің маңында арнайы техника мен инертті материалдар қорларын шоғырландырып, өзендердегі мұз жару жұмыстарын жалғастыру және көлік қатынасы тоқтап қалуы мүмкін елді мекендерді алдын ала анықтау қажеттігін атап өтті.

Премьер-Министр елді мекендерге қауіп төнгенде немесе су басқан кезде,



### Су тасқынына қарсы іс-шаралар пысықталды

сондай-ақ қауіпті аймақтардан көшіру кезінде не істеу керектігі туралы халықты хабардар ету жұмыстарын күшейту керектігін айтты.

«Халықпен нақты кері байланыс орнатып, олардың көмек беру туралы өтініштеріне дереу жауап беру қажет» деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, келесі су тасқыны кезеңіне дайындықты қазірден бастау керек. Елді мекендердің маңына бөгеттер тұрғызып, су өткізу құрылыстары мен арқықтарды дер кезінде тазарту, сондай-ақ су бұру каналдарын дайындау қажет. Сонымен бірге гидротехникалық құрылыстардың, бөгеттердің жағдайын тексеріп, қажет болса, оларды жөндеу бойынша шаралар қабылдау керек.

«Әкімдіктер жолдар мен көпірлердің, электр желілерінің қираған учаскелерін қалпына келтіріп қана қоймай, орын алған жағдайға талдау жүргізіп, келесі су тасқыны кезінде болуы мүмкін қауіп-қатерлерді ескерулері қажет. ТЖМ алдағы жылдарға арналған елді мекендерді су тасқынынан қорғау жөніндегі

іс-шаралар кешенін толықтыруы тиіс» деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Премьер-Министр жылу беру маусымы мәселесіне тоқталды. Үкімет басшысы қыста Екібастұз, Рудныйда және Риддерде болған жағдайды еске салды, онда туындаған мәселелерді сол бетте шешуге тура келген еді.

«Сөз жоқ, өткен қыс мезгілі жылу энергетикасында, әсіресе жылу желілері мен жылу станцияларында, қазандықтарда проблемалардың жинақталып қалғанын көрсетті. Кейбір өңірлерде көмірді уақытылы жеткізу мен қамтамасыз ету бойынша проблемалар да туындады. Бұл – жүйелі түрде жүретін жыл сайынғы жұмыс. Онда ешқандай іркілестер мен кемшіліктер болмауы тиіс еді» деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, жабдықтардың техникалық жағдайын тұрақты, кешенді және объективті бағалау жүргізілмеген. Осыған байланысты биыл Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар жабдықтар мен желілерді жөндеу бойынша тиісті жобаларды басым тәртіппен

қаржыландыруды қамтамасыз ету керек.

Әлихан Смайыловтың сөзінше, биылдан бастап энергетикалық бақылау жұмысы күшейтілмек, оның штат саңы 75 адамға ұлғайтылады, сондай-ақ заң жүзінде энергия объектілеріне жоспардан тыс тексерулер жүргізу құқығы берілетін болады.

«Коммуналдық меншіктегі желілер мен Жылу электр орталықтарын жергілікті атқарушы органдар қаржыландыруға тиіс. Ал жеке меншіктегі Жылу орталықтарын реконструкциялауды меншік иесінің қаражаты есебінен жүргізу керек» деді Премьер-Министр.

Жалпы, Үкімет басшысының пікірінше, инженерлік желілердің жай-күйін және жөндеу жұмыстарын жүргізуді бақылауды күшейту, сондай-ақ энергия объектілері иелерінің жауапкершілігін арттыру керек, осылардың барлығы шарттарда жазылуы қажет.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Жәрмеңке

### Арзан баға, сапалы өнім

Жыл сайын ұйымдастырылатын бақша өнімдерінің жәрмеңкесі биыл да жалғасын тауып келеді. Ал аудан халқына ұсынылған егінжай өнімінің бағасы арзан болғанымен, сапасы сын көтереді. Сонау күзден бері ұйымдастырылып келе жатқан жәрмеңкеде ауыл шаруашылығы өнімдеріне деген сұраныс жоғары. Өйткені сапалы өнім ешқашан сураныстан түспейтіні белгілі.

Жалағаштықтар үшін биыл берекелі жыл болды. Алажаздайғы адал еңбектің нәтижесін, жемісін көретін шақ күз мезгілінде де толайым табыстарға қол жеткіздік. Бәрімізге белгілі кеше 19 наурыз күні елімізде саяси науқан өтті. Бұл сайлауда аудан халқы да белсенділік танытып, өз таңдауын жасады. Сонымен бірге ел үшін маңызды күні дала дикандары ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесінде азық-түлік түрлерін ұсынды. Нарықтағы бағадан 10-15 пайыз төмен сатылған бақша өнімдері е дегеннен-ақ сатылып кетті. Өйткені бұған дейінгі жәрмеңкелерде мүмкіндігі болмаған аудан тұрғындары осы жәрмеңкеде мүмкіндікті қолдан жібермеді.

Иә, қыс қамын жазда ойлайтын халық үшін жәрмеңкелердің тиімді тұсы көп-ақ. Жалағаштықтар асыға күтетін өткен сенбедегі жәрмеңкеде де бақша өнімдерінің барлық түрі сатылымда болды. Әсіресе базар нарығынан төмен бағамен сатылған ауыл шаруашылығы өнімдеріне сұраныс өте жоғары. Өйткені жәрмеңке болатын күні халық арнайы орынға ағылып, картоп, сәбіз, пияз секілді өнімдерді қаптап сатып алып жатты. Сатылымда болған ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен бағасының тұрақтылығында ешқандай кемшілік болмағанын байқадық. Өйткені жәрмеңкеде кезіктірген әр тұрғынның



ризашылығын естіп, сатушылардың көңілі тоқ екенін де бағамдадық.

Сапалы өнім арқашан сураныстан түспейтінін жеткізген кент тұрғыны Ж.Молдидан бұған дейінгі жәрмеңкелерде де сауда жасағанын жасырмады.

– Өткенде де алтын дән мерекесі қарсаңында жәрмеңке ұйымдастырылды. Ол кезде де ауыл шаруашылығы өнімдерін шамамыз келгенше сатып алдық. Бағаның көңілге қонымдылығы, өнімнің сапасы көңілімізден шыққан еді. Мен аудан дикандарының алажаздайғы адал еңбегіне алғыс айтар едім. Дала дарабоздарының ысырапсыз жиған өнімінің мол болғандығынан ауданда жәрмеңке қайта-қайта ұйымдастырылуда. Мұның өзі біз үшін үлкен мүмкіндік деп ойлаймын. – дейді ол.

Жәрмеңкеде ұсынылған өнімдер тек бақша өнімдері ғана емес, ет, балық

секілді азық түрлері де жалағаштықтардың сұранысынан табылды. Өнімнің халыққа ұсынған саудагерлердің де көңілі тоқ. Өйткені өнімнің өнімі сатылмай не болмаса сураныстан түсіп қалған жоқ. Барлығы да қарапайым халықтың көңілінен шықты десек, артық айтқандық емес. Әсіресе кент тұрғындары айтулы күні осындай мүмкіндік жасап, жәрмеңке ұйымдастырылғанына ризашылығын білдірді.

Жәрмеңкеге келушілердің барлығы дерлік бағаның арзан екенін және ұсынылған өнімдердің сапасын атап өтеді.

– Бүгінгі азық-түлік өнімдерінің бағасы маған өте қолайлы, өйткені барлық өнімдер қолжетімді. Картоп, сәбіз, пияз, ет, тіпті балықтың да бағасы базардан әлдеқайда төмен екенін байқадым. Сондықтан осы жерден сауда жасадым. Күнделікті көп тұтынатын азық-түлік

түрлері болғандықтан, үнемі алып тұрамыз. Мен өзім осындай жәрмеңкелер ұйымдастырылған кезде моңылан алып қоямын. Сол кезде қалтаға ауыр тимейді. Әрі өзіміздің жергілікті өнім болғандықтан сапасы да жоғары екені даусыз. Аудан орталығында жыл сайын осындай жәрмеңкелер өткізілетініне, бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса беретініне сенеміз, – дейді кент тұрғыны А.Төлеген.

Айта кетейік, саяси науқан күні ұйымдастырылған жәрмеңкеге жергілікті шаруашылықтар 15 көлікпен 30,5 тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізген. Ал сапалы өнімнен алған аудан тұрғындары болса, еңбеккерлердің еңбегіне алғысын айтып, шараны ұйымдастырушыларға да дән риза болды.

Н.АЛПАСҚЫЗЫ







Брифинг

# Кенеден келер қауіп көп

Конго-Қырым қанды қызбасы – табиғи ошақтары бар, вирустар арқылы берілетін, кең тараған аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Бұл ауру кененің шағуы арқылы немесе ауру адамнан сау адамға жұғады. Негізінен ол көктем және жаз мезгілдерінде көптеп кездеседі. Осы мезгілдерде кене есіп-өнуі үшін аса белсенділік танытып, жан-жануарларға, малдарға және адамдарға қан сору үшін шабуыл жасайды. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы бөлімшесінің сан эпид қызмет маманы М.Ажарбаева осылай деді.



Спикер адам денесіне кене білдірпей және ауыртып терінің жұмсақ жеріне жабысып, қан соратынын айтады. Кене Конго-қырым қанды қызбасы ауруы қоздырышының негізгі тасымалдаушысы екен. Сондай-ақ ол ұрпақтан-ұрпаққа осы қоздырғыштардың тұқымын сақтап, таратып отырады екен.

Басқарма маманы аурудың белгілерін де назардан тыс қалдырған жоқ. Яғни кене шаққаннан кейін ол 7-14 күн ішінде білінбейді екен. Науқас адам дер кезінде дәрігерге көрінбесе, ауру асқынып, өліп кетуі де мүмкін, сонымен қатар қасындағы адамдарға да жұқтырады.

Егер кене денеге қадалып үлгерген болса, оны пинцетпен немесе киім тігетін жіппен байлап, жайлап ыргал алып тастау керек. Кене шаққан орнын иод ерітіндісімен өңдеп, алынған кенені өртеп жіберген дұрыс. Кенені жалаңаш қолмен ұстауға, езіп мыжуға, қой қырықым кезінде қолғапсыз жұмыс істеуге болмайды. Табиғат аясында, саяжайда демалғанда кенеден қорғану шараларын мұқият сақтау қажет, – дейді М.Ажарбаева.

Айта кетейік, Қызылорда облысы Конго-қырым қанды безгегінің табиғи ошағы болып табылады. Соңғы жылдары Қырым қанды безгегін тасымалдайтын кенелер саны едәуір өскен. Алдын ала барлау, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде конго-қырым геморрагиялық қызбасының 2023 жылы серопозитивті кенелер анықталған қолайсыз елді мекендер қатарына біздің ауданның 12 елді мекені кіріп отыр.

Осы зерттеулердің нәтижесі көрсетіп отырғандай, жұқпалы індетті кенелердің аймағы кеңейіп, қауіп ту-дыруда. Сондықтан жылма-жыл кене санының көбеюі, ол кенелердің адамға, малға шабуылы, адамдар арасында қырым қанды безгегінің таралуына ықпал етуде.

Оның басты себебі кенелер қыс айында көңнің астында жатып жұмыртқалап, одан пайда болған кенелер ерте көктемде адамға, малға шабуыл жасайды. Ал көктем, күз айларында мал қоралардағы құл-қоқыстар, қилар уақытылы жиналып, өртеніп отырса, кене саны азаяды. Конго-Қырым қанды безгегіне оң нәтиже берген елді мекендерде санитарлық қорғаныс аймағына, мал басына және мал қораларға залалсыздандыру жұмыстары екі кезеңде жасалады екен.

Ерлан АНУАРҰЛЫ



# Отбасы – ұлттың тірегі

**Бүгінгі қоғамды алаңдататын мәселенің бірі – ажырасу. «Үйлену оңай, үй болу қиын» демекші, отбасындағы бөреке мен бірлікті, татулықты сақтау үшін ең алдымен екі тарапқа жауапкершілік керек. Отбасын құру – маңызды әрі аса жауапты қадам. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген тамаша сөз бар. Ұл болсын, қыз болсын ата-анасынан көргенін бойына сіңіреді.**

Отбасында еке-шешесінің жанжалы, ұрыс-көрісін көріп өскен ұл-қыз өзі шаңырақ көтергенде де соны қайталауы мүмкін. Бала үшін ата-анадан асқан биік тұлға жоқ. Бірақ соны үлкендер жағы естен шығарып алады.

Өмір болған соң қиындығы мен қуанышы қатар жүреді. Мұндайда ер азаматына сүйеу болып, бағра қанағат, жоққа тәубе ете білу әйелдің ақыл-парасатын, өнегесін көрсетеді. Қазіргі жас отау құрғандардың басым бөлігі тұрмыста кездескен отбасылық қиындықтарға төзе алмайды. Ажырасуға негізінен материалдық жағдай, жұмыссыздық, ер азаматтың отбасылық жауапкершілікті сезінбеуі, мінезін үйлеспеуі, тұрмыстық қиындыққа шыдамағаны себеп болуға. Ерлі-зайыптылардың екіге кетуі екі жақтың ата-анасы, туғандарының араласуы секілді түрлі жайттармен байланыстырады.

«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» демекші, жұптардың екіге бөлінуіне басты себепті бірі – сәби сую бақытының бұйырмауы. Азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі арқылы некені бұзу туралы акт жазбасына 2021 жылы 4 отбасы тіркелсе, бытыр 11 отбасы (ортақ баласы, мүлікке жауаптылығы жоқ ерлі-зайыптылар) тіркелді. Ал ортақ баласы, мүлік болған жағдайда неке сот арқылы бұзылады.

Ажырасу – табиғи құбылыс. Оны түбегейлі жою да мүмкін емес. Дегенмен болдырмаудың алдын алуды өркім езінен бастауы қажет. Некеңің қасиетін ұғыну, келешек ұрпақ қамы үшін отбасы құндылықтарын отбасында, ұжымда, кез келген ортада үздіксіз дәріптеп отыру қажет.

Шаңырақты ер мен әйелдің сыйластығы ғана ұстап тұрады. Сол себепті ерлі-зайыптылар бір-бірімен тіл табысып, жарасымды тіршілік етуі керек. Сондықтан екі жақ та ер істе сабыр етіп, перзенттеріне тәлім-тәрбие беруді ойлау қажет.

Тұрмыста келіспеушіліктердің болуы қалыпты жағдай. Қазақ халқы «Үй болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды» деп бұған түсіністікпен қараған. Ербір қиындықты мұсылман адам сабыр мен кешірім арқылы жеңуі тиіс. Ең бастысы, отбасында ынтымақ пен тыныштық болса, мұндай шайырлықты шайқалуы мүмкін емес. «Айырылған азады, қосылған азады» деген қағида берік сақталғанда ғана ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сенімі арта түспек. Тәрбие жан-жақты болған жағдайда ғана отбасы құндылығы сақталады.

**А.АЛАЙДАРОВА,**  
Аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің сектор меңгерушісі

# Хабарландыру

«Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығына сәйкес Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Руханият орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры бос лауазымына конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Білімі: кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім;

Жұмыс өтілі: Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 3 жылдан кем емес немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орнында аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 2 жылдан кем емес.

Лауазымдық міндеттері: Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімінің «Руханият орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіне басшылық етеді; шығармашылық, әдістемелік, мәдени-ағартушылық жұмыстарды жүзеге асыруды, жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

байқаулар мен фестивальдарды, халық шығармашылығы конкурстарын, көркемөнерпаз жетекшілерінің семинарларын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етеді; көркемөнерпаз ұжымдарының қызметін бақылауды жүзеге асырады; көркемөнерпаздар ұжымын, әртүрлі секцияларды ұйымдастырады, білікті мамандарды әдістемелік құралдар, сценарийлер, репертуар жасауға, осы материалдарға пікір жазу және көркемөнерпаздар ұжымына шығармашылық көмек көрсету жұмыстарына тартады; қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасайды, көтермелейді; шығармашылық бастамаларын ынталандырады;

ұйым қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртіптерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ережелерді, ерт қауіпсіздігі талаптарын сақтауларын бақылайды; Білуі тиіс: Конституцияны; Бюджет кодексінің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Еңбек кодексінің Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары; ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, ерт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

Конкурсқа қатысушысы келген азаматтар «Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Конкурсқа қатысу туралы өтініші;
- 2) Мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндемесі;
- 3) Білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Аталған құжаттардың бірінің болмауы кандидатты конкурсқа қатыстырмауға негіз болуы мүмкін. Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі (кәсіби біліктілігін арттырған жайлы ғылыми атағы және дәрежесін алғаны туралы құжаттардың, міндемелердің, ұсыныстардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқа көшірмелері) туралы қосымша ақпарат ұсына алады. Үміткерлер конкурсқа қатысу үшін құжаттарын конкурс өткізу жөнінде аталмыш хабарландыру жарияланған мезеттен бастап 15 күннің ішінде өткізуі тиіс.

Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде комиссия қатысушының біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалауды жүргізеді. Конкурсқа қатысушылардың біліктілік талаптарына сәйкес мәніне бағалаулардың нәтижелері бойынша комиссия дауыс беру жолымен біліктілік талаптарына сәйкес келген кандидаттардың тізімін бекіту туралы немесе өңгімелесуге жіберуден бас тарту туралы шешімдер қабылдайды. Ұйым үш жұмыс күнінің ішінде біліктілік талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысушыларды, оларды кандидат ретінде бекіту, өңгімелесу өтетін күн, уақыт және орын туралы хабардар етеді.

Бұл ретте өңгімелесу өтетін күн кандидаттардың өңгімелесуге келуі үшін қажетті уақытты қамтамасыз етуді ескере отырып белгілейді. Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысушыларды өңгімелесуге жіберілмейтін себебі туралы хабарландырылады.

Үміткерлермен өңгімелесу 2023 жылғы 14 сәуірде мына мекен-жайда жүргізіледі: индекс 120200 Қызылорда облысы Жалағаш ауданы, Желтоқсан көшесі №7, Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі, тел: (872431) 32-2-26. Аталмыш басшылыққа орналасқан адам үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**«Жалағаш ауданының мәдениет және спорт бөлімі» КММ конкурстық комиссиясы**

# Объявление

Жалағашский районный отдел культуры и спорта в соответствии Приказа Министра национальной экономики Республики Казахстан №70 от 2 февраля 2015 года и Приказа Министра Культуры и спорта Республики Казахстан №209 от 17 июля объявляет конкурс на вакантную должность директора коммуналного государственного казенного предприятия Центр Руханият» отдел культуры и спорта Жалағашского района».

Требования к квалификации: Образование: Рабочим органом, и для лиц, имеющих ученую степень по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки (подготовка педагогов с предметной специализацией общего развития, по гуманитарным предметам, по языкам и литературе) и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа).

Опыт работы: не менее 3 лет в сфере культуры или на руководящих должностях, либо не менее 5 лет для лиц, зачисленных в Президентский молодежный кадровый резерв, либо не менее 2 лет в сфере культуры или на руководящих должностях для лиц, завершивших обучение по программам послевузовского образования в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или в зарубежных высших учебных заведениях по приоритетным специальностям, утвержденным Рабочим органом, и для лиц, имеющих ученую степень по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки (подготовка педагогов с предметной специализацией общего развития, по гуманитарным предметам, по языкам и литературе) и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа).

Должностные обязанности: руководит деятельностью коммуналного государственного казенного предприятия «Центр Руханият» отдела культуры и спорта Жалағашского района; организует осуществление творческой, методической, культурно-просветительской работы, работу по борьбе с коррупцией; обеспечивает

подготовку и проведение смотров и фестивалей, конкурсов народного творчества, семинаров руководителей художественной самодеятельности; осуществляет контроль за деятельностью художественных самодеятельных коллективов; привлекает квалифицированных специалистов для разработки методических пособий, сценариев, создания репертуара, рецензирования этих материалов и оказания творческой помощи коллективам художественной самодеятельности; создает условия для повышения квалификации, поощряет, стимулирует творческую инициативу работников; контролирует соблюдение работниками организации производственной и трудовой дисциплины, правил по безопасности и охране труда, требований противопожарной безопасности. Должен знать: Конституцию; Бюджетный кодекс; Кодекс об административных правонарушениях; Трудовой кодекс; Административный процедурно-процессуальный кодекс; законы Республики Казахстан "Об авторском праве и смежных правах", "О культуре", "О государственном имуществе", "О противодействии коррупции", "О государственных закупках"; порядок внутреннего трудового распорядка, по безопасности и охране труда, производственной санитарии, требования пожарной безопасности.

Граждане, желающие принять участие в конкурсе, представляют в коммуналное государственное учреждение «Отдел культуры и спорта Жалағашского района» следующие документы: 1) Заявление об участии в конкурсе; 2) Резюме на государственном и русском языках; 3) Копии документов об образовании; 4) Документы, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан (далее – Кодекс); 5) справку по форме №075/у «Медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение)», утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 21579).

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, относительно его образования, стаж работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикаций, а также рекомендаций от руководства с предыдущего места работы). Отсутствие одного из указанных документов может быть основанием для неучастия кандидата в конкурсе. Граждане могут предоставить дополнительную информацию о своем образовании, опыте работы, профессиональном уровне (копии документов, характеристик, рекомендаций, научных публикаций о повышении профессиональной квалификации и получении ученого звания и степени). Претенденты должны представить документы для участия в конкурсе в течение 15 дней с момента публикации данного объявления о проведении конкурса.

Комиссия в течение пяти рабочих дней после даты завершения приема документов проводит оценку соответствия участника квалификационным требованиям. По результатам оценки участников конкурса на предмет соответствия квалификационным требованиям, комиссия путем голосования принимает решения об утверждении списка кандидатов, соответствующих квалификационным требованиям их или об отказе в допуске к собеседованию.

Организация в течение трех рабочих дней уведомляет участников конкурса, соответствующих квалификационным требованиям – об утверждении их в качестве кандидатов о дате, времени и месте проведения собеседования. Кандидаты допущенные к собеседованию проводят 2023 года 14 апреля его по адресу: индекс 120200 Кызылординская область Жалағашский район ул Желтоқсан №7, районная дом культуры им К.Қазантаева. тел: (872431) 32-2-26. Для лица занявшего данную вакантную должность подъемные не оплачиваются жилье и льготы не предоставляются.

**Конкурсная комиссия ГП «Жалағашский районный отдел культуры и спорта»**

# Жемқорлық – індет, жою – міндет

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ ӨЗІНЕН БАСТАУЫ КЕРЕК. СОНДА ҒАНА ОНЫМЕН ТЕК ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАН ӨКІЛДЕРІ КҮРЕСУІ ТИІС ДЕГЕН ТҮСІНІКТЕН АДА БОЛАСЫЗ. ИӘ, БҮЛ – НЕГІЗІНЕН ҚОҒАМ ДЕРТІ. ОЛАЙ ДЕМЕГЕНДЕ НЕ ДЕЙМІЗ, ҚОҒАМДАҒЫ БАРЛЫҚ САЛАНДЫ СЕРПІН АЛУЫНА ТОСҚАУЫЛ БОЛАТЫН ЖАҒЫМСЫЗ ӘДЕТТЕН АРЫЛАТЫН УАҚЫТ ӘЛДЕҚАШАН ЖЕТТІ.**



Кез келген дамушы елдердің мемлекеттік саясатынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тыс қалмайды. Оны жүйелі жүзеге асырғандықтан олар бүгінде дамыған елдер қатарынан орын алып отыр.

Қазақстан да қоғам дертіне қарсы күресті күн тәртібінен түсірген емес. олай болуы да заңдылық. Себебі біз де дамушы елдер сапындамыз. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ер адам өзінен қалай бастайды?» деген сауал да туындауы мүмкін. Егер бәріміздің бойымызда өлгідей түсінік болса, біз қоғамда бұл мәселені есте бетпе-бет келген болмас едік. Рас қой, кез келген адам оған қарсы күресті өзінен бастаса, сыбайлас жемқорлық өздігінен жойылар еді. Міне, қоғам дертімен күресте де бізге ауызбіршілік керек.

**Ғабит ТАЙМАНОВ,**  
аудандық №11 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы



# «Ақбаян» әнінің тарихын білесіз бе?

**МӘДИНА  
ЕРАЛИЕВАНЫ ЖАЛПЫ  
ЖҰРТҚА ТАНЫМАЛ  
ЕТКЕН «АҚБАЯН» ӘНІ  
ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕ  
МӘНГІ САҚТАЛДЫ.  
БҰЛ ШЫҒАРМАНЫҢ  
ӨМІРШЕНДІГІН АҢҒАРТСА  
КЕРЕК. БЕЛГІЛІ  
КОМПОЗИТОР БЕКСҰЛТАН  
БАЙКЕНЖЕЕВ ДҮНИЕГЕ  
ӘКЕЛГЕН ӘННІ СӨЗІН  
ЖАЗҒАН АВТОРДЫ  
БҮГІНДЕ БІРІ БІЛСЕ, БІРІ  
БІЛМЕЙДІ.**



Иә, Бексұлтан Байкәңжеевтің қазақ ән өнерінде өзіндік орны бар. Еңбек жолын туған жеріндегі аудандық мәдениет бөліміне қарасты автоклуб меңгерушісі болып бастаған сәзгер ән шығарудан бөлек, драма үйірмесінің белсенді мүшесі де болды. Көптеген пьесалардан басты рөлде ойнап, көрермен көңілінен шыққан «Ақбаян» әнінің тағамына болуына оның сөзін жазған Әбдімәлік Сыздықовтың да сөзкер болғанын аңғару қиын емес. Ұлы шығармалар авторының бұл әнге сөз жазуды жолдасы Әбдімәлікке тапсыруы да тегін емес шығар, сірә. Бұл ретте «Әбдімәлік Сыздықов деген кім?» деген сауалдың туындайтыны да заңдылық. Ендеше тарқатайық, ал өлгі әннің тарихына соныңнан шолу жасармыз.

Сыздықов Әбдімәлік 1950 жылы Жалағаш ауданына қарасты бұрынғы Ақарық елді мекенінде дүниеге келген. Ауылдағы №124 орта мектепті 1967 жылы бітіріп, 1968 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының «Филология» факультетіне қарасты музыка бөліміне оқуға түсті. Институт қабырғасында жүріп-ақ «Сыр сулуы» халық ән-би ансамблінің мүшесі болды. Ансамбль құрамында өнер көрсете жүріп, Молдавия елінің астанасы Кешінев қаласында Бүкілодақтық жастар фестиваліне қатысып, өнер көрсеткен. «Сыр сулуы» ансамблі Фабиат Мүсіреповтің «Қыз Жібек» операсын сахналағанда, Әбдімәлік Төлөгіннің әкесі Базарбайдың рөлін сомдаған.

Ол 1972 жылы институтты бітіріп, Жалағаш ауданы орталығындағы музыка мектебінде сабақ берген. 1973-1974 жылдары Отан алдындағы борышын өтеп, 1974-1986 жылдары аралығында аудандық музыка мектебінде ұстаз болып еңбек етті.

Әбдімәлік баян және домбыра класынан сабақ берді. Аудандық мәдени шараларға белсене қатысып, жолдасы

Отызбаева Рәш екеуі «Алтын арай» халық ән-би ансамблінің белсенді мүшесі болды. 1981 жылы Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық халық шығармашылығы көрмесінде өнер көрсетті. Осы өнері жоғары бағаланып, лауреат атанды. 1986 жылы туған жері бұрынғы «Ақарық» ауылына келіп, өрендерді өнерге баулу мақсатында өз мектебін ашып, мектеп директоры болып қызмет атқара бастады.

Ол тұста ауылдағы мәдениет үйінің директоры асыл жары Рәш Отызбаева болатын. Екеуі мәдени ошаққа өнерлі жастарды жинады. Екеуі құрған «Қыз-ғалдақтар» ән-би ансамбліне «Халық ансамблі» атағы берілді. Өзінің өнерге деген сүйіспеншілігімен халық құрметіне бөленді.

Ол өмірде тек ұстаз болып қана қойған жоқ. Әбдімәлік ақындығымен де елге танылды. Шығармаларының бірегейі ретінде белгілі сәзгер Б.Байкәңжеевтің «Ақбаян» әніне жазылған өлеңін ерекше атауға болады. Бұл өлең ең алғаш орындаған әні Мәдина Ералиева болатын. Осы әнімен Мәдина қазақтың «Ақбаяны» атанды.

Иә, «Ақбаян» әнінің жарыққа шыққанына қаншама уақыт өтсе де жастардың сүйікті әні ретінде қазақ сахнасында шырқалып келеді. Ұлы шығарманы дүниеге әкелген авторлар Ә.Сыздықов пен Б.Байкәңжеев болатын.

2006 жылы ауыр дерттен Ә.Сыздықов өмірден озды. Ә.Сыздықов жары Р.Отызбаева екеуі бес бала тәрбиелеп өсірді. Қазір балалары ержетіп, әр салада қызмет атқарып жүр.

«Бірінші курста оқып жүргенде Қармақшының Ақжар ауылында туып-өскен «Филология» факультетінде қатар оқыған Баян деген алайдың туған күніне тарту болған ән еді ғой бұл. Әкем Әбдімәлік Сыздықов деген досына

өтініш айтып, әннің сөзін жаздырыпты. Ол кез студенттердің қалтасы таяз уақыт, үлкен сыйлық апаруға мұрша қайда? Туған күнге сый етіп, өкей осы ғажайып туындыны дүниеге әкеліпті. Қызылорданың «Шанхай» деп аталатын шағын ауданында бас қосқан кешкі сауықта ән тұңғыш рет орындалады. Бұл 1968 жылы болған»

Бұған дейін Сыр журналистеріне сұхбат берген композитордың ұлы Әбсұлтан ағамыз осылай деді. Ән небары 1 сағатта дүниеге келіпті. Әнді алғаш орындау сол кезде М.Мәметова атындағы педагогика училищесіне оқуға түскен Қазалының «сары қызына» бұйырған. Бұл «сары қыз» кейін қазақ жұртына белгілі болған Мәдина Ералиеваның орындаған «Ақбаян» әні кейін радио арқылы Сыр бойынан асып, республикаға тез тарайды. Әннің елге танымал өткен де Әбдімәлік Сыздықов пен Бексұлтан Байкәңжеев екен.

Иә, ұлыларды уақыттың өзі туғызды. Заманның өрті мен дерті, дауылы мен жауыны, сеңі мен селі шыңдап шынықтырады. Тарих ұзақ толғағып, сирек туатын ұлылар алдына ұлы мақсат қояды. Соның бір мықты мысалы, біз үшін, біздің келешек ұрпақтарымыз үшін туған ұлы тұлға Сыздықов Әбдімәлік болатын.

Әннің тарихын толық білу үшін Рәш алаймен де сұхбаттасудың ретін таптық. Шығарманың жанры белгілі болғаннан кейін жарытып сұрақ қоюға да жүрексіздік «Ақбаян деп қойдым сенің атыңды» деп сөзін бастады Әбдімәлік ағайдың жары Отызбаева Рәш. «Ақбаян әні 1970 жылдары жастар арасында кеңінен тараған ән болды. «Ақбаян» әнінің сөзі менің жолдасым Әбдімәлік Сыздықовтікі, әнін сәзгер Бексұлтан Байкәңжеев жазған. Б.Байкәңжеев екеуі

Гоголь атындағы институтта бірге оқыған студенттік шақты бірге өткізген достар. Мен де сол институтта 1972 жылдары музыка бөлімінде оқыдым. Мәдина Ералиева М.Мәметова атындағы педагогикалық училищеді оқыды. 2009 жылы аудандық мәдениет үйінде аудан әкімшілігінің, облыстық мәдениет басқармасының, аудандық мәдениет үйінің қолдауымен Әбдімәлік Сыздықовты еске алу кеші өтті. Сол кеште «Ақбаян» әнінің кейіпкері, сол керемет әнге арқау болған Ақбаян атты келішек те шақырылды. Қазір өңбек демалысындағы зейнеткер. Керемет өткен сол кештен соң үшінші немерем дүние есігін ашты. Атасы Әбдімәліктің құрметіне, «Қазақтың Ақбаяны» атанған Мәдина апасының құрметіне сәбіге Ақбаян деп ат қойдық. Ертен бойжеткенде «Атам осы «Ақбаян» әнінің сөзін жазған екен, әжем орындаған екен және «Қазақтың Ақбаяны» атанған Мәдина апамыз орындаған екен» деп үлкен мақтанышпен еске алып отыратынын толық сенемін. Жолдасым Әбдімәлік Сыздықовтың сөзіне жазылған сәзгер Б.Байкәңжеевтің «Ақбаян» әнін Мәдина орындап, халыққа танытқан құрметіне немеремнің атын Ақбаян деп қойғанымды мақтан тұтамын» дейді ақынның жары.

Иә, кім қалай десің бұл шығарманың қалық қазақтың жүрегінен орын алуына ақынның да, сәзгердің де, қалаберді оның орындаушысының да өзіндік үлесі барын ешкім жоққа шығара алмайды. Бір білетіміз, сөз басында айтқанымыздай, белгілі сәзгер өміршең әннің сөзін жазуды Әбдімәлік Сыздықовқа тапсыруы тегін дүние емес.

**Сандуғаш Бисенбаева,  
№124 орта мектептің тәлімгері**



## Ұстазыңды ұлық тұт

**Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Мұғалім деген кіршіксіз атауға қылау жұқтырмау оңай емес. Кезінде сол бір аяулы жандарды алтын діңгекке теңеп, көзі ашық, көкірегі ояу деп құрметтеген. Ол үрдіс бүгінге дейін жалғасын тауып келеді.**

Бүгінде білім беру саласында тәжірибелі, озық ойлы, өз мамандығының хас шебері болған кісілер жетерлік. Солардың бірі – Мырзабай ахун ауылындағы №122 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Алла Олжабаева. Ол – ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен дараланған жан. Сондай-ақ өз ісіне берілген білікті маман. Ал отбасында төрт ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған асыл жар, аяулы ана. 1971 жылы көпбалалы қарапайым отбасында дүниеге келген кейіпкеріміз қазір өзі еңбек ететін мектепті бітірген.

Ол мұғалім боламын деген бала арманы жетегінде жүріп, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжине оқуға түсті. Осылайша «бастауыш сынып» мұғалімі мамандығын игеріп шықты. Көп ұзамай Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне түсіп, жоғары білім алады.

«Ұстаз» деген ұлы атақ ие болу зор мақтаншы еді. Бала күнінде мен үшін мұғалімнен биік тұлға болмайтын. Сол кездегі ұстаздарыма деген құрметімнен болар, әлде қызығушылығымнан ба, мұғалімдік мамандықтың қыр-сырына ынталан бастады. Әрбір адам армандай білуі керек. Сол ойлағаның түптің-түбінде әйтеуір бір орындалады. Менің бала күнгі арманым алдаған жоқ. Мектеп бітіріп, өзім қалаған мамандыққа оқуға түстім. Бүгінде білім саласының дамуына үлес қосып жүрмін. Небір мықты шәкірттер дайындап, үлкен өмірге бағыт бердім, – деді ол.

Расында талай шәкіртті білім қайнарымен сусындатып, қанатын қатаятып, мектеп қабырғасынан ұшырды. Бойына өмірден түйген тәжірибесін сіндірді. Біздің кейіпкеріміздің оқу-ағарту саласында тәжірибесі мол Еңбегі еш кеткен жоқ. Мұғалімнің білім саласындағы еңбегі шәкірттердің жетістігімен өлшенеді ғой. Бұл тұрғыдан келгенде Алла Мырзағалиқызы жемісті еңбек етіп келеді.

Ұстаздың басты ұстанымы – келешек ұрпақтың бойына ұлттық тәрбиені сіндіріп, сапалы білім беру. Соның нәтижесінде қаншама асулардан асып, биіктерді бағындыруда. Ізденіспен, терең оймен еңбек еткеннің нәтижесінде ұлағатты ұстаз көптеген жетістікке қол жеткізді. Оның бәрін тізбектеп шығу мүмкін емес. Дегенмен жыл сайын аудан әкімі, мектеп басшысының алғыс хатымен марапатталып, құрмет көрініп келіп жүр. Сондай-ақ шәкірттері түрлі байқауларда топ жарып келеді. Атап айтсақ, республикалық бастауыш сынып ұстаздары арасында «қазақ тілі пәнінен» ұйымдастырылған онлайн олимпиадада I дәрежелі диплом, математика пәнінен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Педстарт» қашықтық олимпиадасының III дәрежелі дипломы берілді.

«Адамның бір қызығы – бала деген, баланы оқытуды жек көрмедім» деп хәкім Абай айтқандай, мұғалімдіктің де өз қызығы бар. Бірақ қиындығы да аз емес, соны жеңе білген жан ғана шәкірт жүрегіне жол табады. Мен үшін оқушының сапалы білім, тәлімді тәрбие алуы маңызды. Шәкірт жетістігі – ұстаздың өрен еңбегінің нәтижесі, мұғалім мерейі. Бастысы, білім шырағын жаға білу керек, – дейді ол.

Жақсы мұғалім – қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық, шығармашылық өлеуеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендіруге дайын, оқу-тәрбие ісіне жанаушылық танытатын қоғамның ең озық тұлғасының бірі болып есептеледі. Бүгінгі біз сөз өткен ұстаздың да негізгі мақсаты осындай.

Саналы ғұмырын білім беру саласына арнаған ұстаздың қолынан тігін тігуде келеді, ол да бір өнер. Қолынан іс келетін адам қашанда бағалы. Бос уақытында құрақ көрпешелер тігіп, қыз жасауын жасайды. Өнерлі жан қай жерде де сыйлы ғой. Ауылдағы ұзатылған қыздардың жасауының бәрінде кейіпкеріміздің қолтаңбасы бар деуге болады.

Жалпы, білім саласының ыстық суығын бірдей көріп, зерделі ұрпақ тәрбиелеуге елеулі үлес қосып жүрген осындай мұғалімдер қандай құрметке де лайық. Ұстазы мықтының ұстанымы мықты. Өскелең ұрпаққа білім нұрын шашып жүрген Алла Олжабаеваның шәкірттері өлі талай биіктерді бағындыратыны сөзсіз.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

### Спорт

# Еуро – 2024: Қазақстан Даниядан басым түсті

**26 наурыз. Елордадағы «Астана Арена» стадионы. 30 мыңға жуық жанкүйер. Иә, бұл кездесу қазақстандық жанкүйерлерге ерекше әсер қалдырғаны анық. Басы қатты болған ойынның аяғы жақсы болады деп ешкім күткен жоқ. Дания ұлттық құрамасының 85-90 пайызы бүгінде әлемнің танымал футбол клубтарында өнер көрсетеді. Бұл жағынан Қазақстан құрамасы салыстыруға да келмейді. Айта беретін шетел клубтарында бір ғана ойыншымыз Б.Зайнутдинов бар. Бір сөзбен айтқанда, ойынға дейінгі баспасөз-конференциясында К.Хьюлманның өзіне көп алатындай реті бар. Бірақ мың сауағанға бір тосқанның боларына кешегі ойынның қорытындысы көз жеткізді.**

Иә, Дания құрамасының аяқдоп шеберлері алаң иелерін қыспаққа алып, екінші таймды қорғанысқа арнайтыны бас бапкердің баспасөз-конференциясындағы сөзінен ақ белгілі болған. Алғашқы таймда біздің қорғаныс айтарлықтай сыр берді, ал шабуыл мүлде жоқ десе де болады. Мұны байқаған қонақтар ә дегеннен есеп ашуға, кейін оны еселеуге кірісті. Жоспары да сәтті орындалды. Ойынның 21 минутында Р.Хюлунд өріптесі С.Кьер асырған допты көп ұстамай И.Шацкийдың бойынан асырып, алаң қожайындарының қақпасында тұлпатты. Арада 15 минуттай уақыт өткенде «Атлантаның» шабуылшысы есепті еселеп, дубль атанды. Осылайша ойынның алғашқы таймы қонақтардың пайдасына шешілді.

Екінші таймда Қазақстан құрамасы ойынды толықтай өз бақылауына алды. Негізгі даниялықтар біздің ұлттық құраманы тым төмен деп санаған болуы керек, олар қорғанысқа басымдық беріп, шабуылды ерте тоқтатты.

Қапталдан Асхат Тағыбергел асырған доп қонақтар сапындағы ойыншылардың бірінің қолына тиіп, бас төреші 11 метрлік айып добын белгілегені сол екен, Қазақстанның

ойын қарқыны күшейе түсті.

73 минутта «ЦСКА-ның» жартылай қорғаушысы Б.Зайнутдинов айып добын сәтті орындап, есеп айырмасын жақсіндырды. Мұнан кейін де отандық аяқдоп шеберлерінің шабуылы бөсеңдеген жоқ. Ойынның 86 минутында Бауыржан Исламханнан алған допты Асхат Тағыбергел К.Шмейхель күзеткен қақпада тұлпатты.

Иә, сөз жоқ, Асхаттың алыстан салған бұл голы танымал шетелдік футбол жұлдыздарының соққысымен пара-пар. Алаң жиегіндегі қалың жанкүйердің орнынан жігерлене өре тұрғаны да сондықтан. Талай баспасөз конференциясында тілшілердің «Сен қашан гол саласың?» деген сауалына Асхекен «Мен команда үшін ойнаймын» деп қысқа жауап қайыратын. Міне, Асхат та гол салады және қандай голдар салатыны кешегі ойында белгілі болды.

Таразы басы теңесті, қалың жанкүйер ұлттық құрама ойыншыларына 1 ұпай үшін де риза болатыны белгілі. Оның үстіне Дания сынды мықты құрамаға қарсы мық тіресе өнер көрсету қиынның қиыны. Алайда біздің жігіттер 1 ұпайды да қанағат тұтпады. Қайтсе

де өз алаңында толықтай 3 ұпайды қоржынға салуды көздеді.

Арада 3 минуттай уақыт өткенде бұл мақсатқа да жігіттер қол жеткізді. Қарсы шабуыл кезінде қапталдан Я.Вороговский қақпа маңына доп асырған, оны айта беретін Абат Айымбетов сәтті тосып алып, қонақтар қақпасына баспен бағыттады. Ал оған К.Шмейхель тосқауыл бола алмады. Осылайша есеп – 3:2. Ұлттық құрама ойыншылары өзінде алды. Бас төреші негізгі уақытқа 4 минут қосқан. Оның өзі түгелідей жақын. Қонақтар ойынды қайта қолға алды. Бірақ нәтиже болар емес. Қосымша уақыт та төма. Алайда төреші ойынды тоқтатар емес. А.Айымбетов үшінші голды соққанда жейдесін шешіп сары қағаз алған. 96 минутта екінші ескертумен алаңнан қуылмасы бар ма? Оның үстіне тағы бір ойыншымыз жарақат алып, алаң жиегінде жатыр. Қайткен күнде де жеңісті қолдан бермеу керек. Жігіттер жарады, бас төрешінің ысқырығы да шалынды, алаң жиегіндегі қалың жанкүйер шулы кетті. Осылайша 3:2 есебімен Қазақстан ұлттық құрамасы қоржынға 3 ұпай салды.



Дания ұлттық құрамасының бас бапкері Каспер Юльманн мен қорғаушысы Йоаким Меле Еуро – 2024 іріктеу матчындағы Қазақстаннан жеңіліске ұшырағанына қатысты пікір білдірді. Бас бапкер Қазақстан құрамасын жеңісімен құттықтап, нәтижеге көңілі толмайтынын жасырмады. Сонда да ол ойынның басым белігінде жақсы ойын көрсеттік деп есептейді. Ал соңғы 15 минут олар үшін расында қолайсыз болды. Бірақ мұны Каспер Юльманн алаңқожабайындарының тактикасымен байланыстырмайды.

– Барлығы көңіл-күйге байланысты. Бұл көрсеткіш соңғы рет қайталанып отыр деп ойлаймын, – деді бас бапкер.

Йоаким Меле қиын алаңда қиын ойын болатынын айтады. Сондай-ақ ол бірінші тайм жақсы өтті деп есептейді.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

**Меншік иесі:**  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор**  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
**Бас редактор**  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
**Бас директор - 8(7242) 70-00-36**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
**Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қорытқыштарына 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
**Газет әр аптаның сәйсебі, сенбі күндері шығады.**  
**Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.**  
**Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті қозғарсын білдірмейді.**  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 87242/40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.  
**Таралымы 3097 Тапсырыс № 488**